

ҚАЗАҚ ЖЕРІ ШЕКАРАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН АНЫҚТАЛУЫ МӘСЕЛЕСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Гүлдана Батталқызы Тастекова

тарих магистрі

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

Қостанай қ., Қазақстан Республикасы

Дербес ел болған соң оның мемлекеттігінің негізін қалайтын, тәуелсіздігін қамтамасыз ететін, әлемдегі орнын айқындайтын территориясы мен шекарасы болады. Шекараның көрші елдер арасындағы екі жақты келісім негізінде айқындалуы мен күзетілуі мемлекеттің сыртқы және ішкі дамуының тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Шекара мемлекет территориясының шегін анықтайтын сызық. Кез келген мемлекеттің шекарасы қалыптасудың бірнеше кезеңдерінен өтеді. Әр халық өз мемлекеттігінің тірегі болып табылатын жерін қорғауға, оны сол қалпында сақтап ұрпаққа мызғымыстай етіп қалдыруға тырысады. Сол сияқты қазақ елінің де шекарасы ғасырлар бойы біртіндеп қалыптасып, XX ғасырдың бас кезінде тұтастай нақтыланған болатын.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекараның жалпы ұзындығы 14 мың км. Олардың 600 км Каспий теңізі арқылы өтеді, 7200 км Ресей Федерациясымен, 1740 км – ҚХР-мен, 2150 км – Өзбекстанмен, 1050 км – Қырғызстанмен және 400 км Түрікменстанмен өтеді.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан көрші мемлекеттермен шекараны анықтау мен белгілеуде біраз іс жүзеге асты. Кезінде шекараны белгілеуде қиыншылық туғызбастай көрінген шешімдер бүгінде өз «жемісін» беріп отыр. Осы мәселе тәуелсіз мемлекеттердің тағдырына, олардың әрі қарай дамуына әсер етері белгілі.

XX ғасырдың бас кезінде Д.И. Менделеев: «Если мы теперь обратим внимание на то, что главные черты истории определяются стремлением народов заполучить себе землю... то станет донельзя очевидно, хотя бы мы приняли во внимание и громадность наших бесплодных тундр, что наша земля представляет великий соблазн для большинства окружающих нас народов...», – деп жазды [1]. Орыстың ұлы ғалымының XX ғасырдың басында айтқан сөздері қазіргі таңдағы Қазақстан жағдайының мысалы болып табылады.

Қазақстанның геосаяси орналасуы, яғни Еуразия кеңістігінде әлемнің алып державаларымен шекаралас жатуы ол үшін бір жағынан пайдалы болса, екінші жағынан қауіп төндіретіні де жасырын емес. Шығыстағы көршіміз – ҚХР, күннен-күнге жоғары қарқынмен дамып келе жатқан ірі державалардың бірі. Қазіргі кезде Қытай мемлекеті Қазақстанмен шекаралас батыс провинцияларын дамытуға ерекше көңіл бөліп отыр [2, 12].

Екінші бір алып көршіміз – солтүстік-батысымызды алып жатқан Ресей Федерациясы. Ресей әлемдік саясатта өзіндік орны бар, дүние жүзі елдері санасатын мемлекет. Бұл көршіміздің солтүстік облыстарымызда тұратын халықтың үлес салмағын ескере отырып, біраз жерлерімізге көз тіккенін білеміз.

Осы қарастырып отырған мәселе, еліміздің үшінші мыңжылдықта өз ішінде бейбітшілікті, тұрақтылықты сақтай отырып, көрші және шет мемлекеттермен кез-келген бағытта байланыс жасауына арқау болатыны сөзсіз. Сондықтан, бұл зерттеліп отырған мәселе Тәуелсіз Қазақстан үшін елдігін, мемлекеттігін, территориялық тұтастығын сақтай отырып, басқа да мемлекеттермен терезесі тең деңгейде байланыстар жасауда аса маңызды болып табылады.

Еліміздің мекендеген территориясының бір мемлекеттің құрамына топтастырылып, халықаралық сұраныстарға сай заңды толықтай тұңғыш бекуін XX ғасырдың 20-шы жылдары Қазақ АКСР-ның құрылуымен байланыстыруға болады. Соңғы жылдары

Қазақстан шекарасының жекелеген бөліктерінің қалыптасуы жөнінде жазылып, көпшіліктің назарына ұсынылуда. Соған қарамастан осы бағыттағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын тереңдете жүргізіп, Қазақстан Республикасы мемлекеттік шекарасының қалыптасуы мен оны көрші елдермен шешілу барысын айқындай түсуіміз қажет.

Қазақ елінің көршілес мемлекеттермен шекарасының қалыптасу тарихы кеңестік кезеңде аракідік зерттелді. Онда негізінен Орталық Азия республикаларында болған ұлттық-территориялық межелеу саясатына, автономиялық немесе одақтық республикалардың әкімшілік шекаралары мен бөліністерде кеңестік идеология шеңберінде көңіл бөлінді. Патшалық Ресей мен Кеңес Одағының территорияға қатысты ұстанған саясатын объективті тұрғыда ашып көрсетуге кеңестік тарих ғылымының ұстанған идеологиясы тосқауыл болды.

Бүгінгі таңда, Кеңестер империясының тарап ұлттық республикалардың тәуелсіздік алуы, еліміздің басқа мемлекеттермен терезесі тең мемлекет ретінде өз мемлекеттік шекарасын айқындауы әлемнің назарын өзіне аударып, осы аймақта орын алған геосаяси өзгерістерді терең зерделеуді қажет етіп отыр. Ұлыбританиялық Дурхем университетінің жүргізген зерттеулері бойынша, бүгінгі таңда әлемнің құрлықтағы шекараларының 25% толық анықталмаған, соңғы кездегі қақтығыстардың 15% шекаралық мәселелердің шешілмеуінен туындап отыр, ал шекаралық таластан шыққан қақтығыстардың жалпы саны 95 жеткен [3, 8]. Осыған байланысты зерттеу тақырыбы бүгінгі таңда Отан тарихындағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Еліміздің шекараларының зерттелуіне бағытталған еңбектерді екі топқа бөлуге болады: кеңестік уақытында шығарылған еңбектер және Тәуелсіз.

Қазақстан шекарасының аталған кезеңдердегі қалыптасуын зерттеуге бағытталған еңбектер, жалпы алғанда Кеңес Одағы дәуіріндегі, бүгінгі Қазақстан мен ТМД республикаларындағы және шетелдегі ғалымдар тарапынан жазылған еңбектер болып табылады.

Қарастырып отырған мәселеміз бастау алатын ХХ ғасырдың 20 жылдары қазан төңкерісінен кейін жер мәселесіне көңіл бөле бастаған кездегі ұлт зиялыларының қазақ жерін бір мемлекеттің құрамына біріктіру және ұлттық мемлекет құру жөніндегі ұсыныстарды, республикалардың шекарасын анықтау жөніндегі ойлары мен атқарған жұмыстарына арналған Т. Шонанұлының, Ә. Бөкейхановтың, А. Байтұрсыновтың, С. Қожановтың және т.б. еңбектерін атап өтуге болады.

Т.Шонанұлы мұраларының ішінде жер мәселесіне байланысты жазылған еңбегі өте құнды. Ғалым «Қазақ жері мәселесінің тарихы» атты зерттеуін (Қызылорда-Ташкент, 1926 жыл) жазбастан бұрын, аталған тақырып бойынша 1923-1924 жылдар аралығында «Қызыл Қазақстан» журналында бірнеше мақалалар жариялаған болатын. Зерттеуші еңбегін отандық ғылымымыздың 20-шы жылдардағы белесі десек қателеспейміз. Ол Ресей ғылымының зерттеу шарттарын жақсы меңгеріп, тарихи зерттеулермен ғылыми жинақтар, құжаттар топтамасын сауатты пайдаланған. Зерттеуші ғалым О.Мұқатова Т.Шонанұлы еңбегін Кеңестік дәуірдің 20-30 жылдарындағы қоныстандыру саясатына байланысты жазылған Ғ.Тоғжанов, С.Асфендияров, С.П.Щецов, П.П.Галузо, Е.Федоров, Т.Рысқұлов, С.Садуақасов сияқты авторлардың құнды еңбектерінің қатарына қосып қарастырып, жер мәселесіне байланысты жазылған ойларын көрсетіп өтсе, ал зерттеуші Ү.Ысмағұлов ғалымның аталған монографиясын қазақ жері мәселесі тарихындағы жазылған еңбектер ішіндегі баға жетпес сый ретінде көрсетіп, Телжан еңбегінің әлі де болса толық бағаланбай жатқандығын атап өтеді.

Т. Шонанұлын алғашқылардың бірі болып зерттеген профессор Әбу Тәкенов пен Бейсенбай Байғалиев болды. Ізденуші Г. Жүгенбаеваның жәрдемімен олар 1995 жылы «Қазақ жері мәселесінің тарихы» деген ғалымның зерттеуін «Жер тағдыры - ел тағдыры» деген атпен, арнайы ғылыми түсініктемелермен оқырмандарға ұсынды. «Жер тағдыры – ел тағдыры» еңбегінде Т. Шонанұлы патша өкіметінің қазақ халқынан неше

жер десятиналардың алынуы жөнінде, жерді қалай пайдаланылуы жөнінде объективті жазған [4]. Ел қамын ойлаған Т. Шонанұлы өзі көзбен көрген жағдайды шынайы сипаттады.

Сонымен қатар, қазақ жерлерінің бір республика құрамына біріктірілуі жөнінде жазған М.П. Малышеваны, К.Р. Аманжоловты жатқызуға болады [5, 6]. Ресей ғалымы М. Малышеваның «Национально-территориальное размежевание Сибири и Казахстана (1919-1922гг.)» деген арнайы ғылыми зерттеуінде Қыррревком мен Сібрревкомның қызметі, олардың арасындағы Қазақстанның солтүстік, шығыс жерлері үшін болған тартыстар, осы мәселеде қазақ зиялыларының атқарған жұмыстары, Қазақстан мен Сібірде жүргізілген ұлттық-территориялық межелеудің нәтижесі тың деректердің негізінде талданған [5].

Қазақстанның территориялық тұтастығын қалпына келтіру, Семей аймағы жайлы З. Мұқатаева қалам тартты, Семей аумағын Қазақстан құрамына қосу оңай болған жоқ, осы туралы З. Мұқатаева «Семейдің әкімшілік-аумақтық құрылымы (1919-1939 жж.)» атты еңбегі жақсы мәлімет береді [7]. Осы зерттеуінде Семей аумағындағы ұлттық құрамы, қала халқының қозғалысы, қала халқының орналасуы жайлы кестелер келтірілген. Семей губерниясы ресми түрде 1921 жылы мамыр айында Қазақстанға қосылғанымен, іс жүзінде шекара мәселесіндегі даулар 1922 жылы жүріп жатады. Соның біреуіне тоқталсақ, Ресей өз тарапынан Павлодар уезіндегі Тұзды көлдер ауданын әкімшілік жағынан Қырреспубликаға қарағанымен, шаруашылыққа пайдалану жағынан Сібрревкомның қарамағында қалады деп, 1922 жылы 12 қаңтардағы қаулысында өз пайдаларына шешеді. Мәскеуден келген мына жеделхат осы мәселеге соңғы нүкте қойғандай. Онда «ВЦИК-тің 12 және 26 қаңтарындағы қаулысына сәйкес Павлодар уезіндегі Тұзды көлдер ауданы шаруашылық және әкімшілік жағынан да Есіл көл стнциясы да Қырғыз Республикасының иелігінде қалдырылды» делінген. Өкінішке орай, Қазақстанның құрамына кештетіп қосылған қос губернияның ұлттық-мемлекеттік межелеу кезінде тартысты тағдыры туралы кеңес дәуіріндегі бірде бір оқулықта немесе монографияларда айтылмайды.

Шекара тарихының жекелеген мәселелеріне қалам тартып жүрген тарихшылар қатарына М. Мұқанов, Д. Аманжолова, З. Шарафутдинов, М. Қозыбаев, Т. Омарбеков, М. Тәтімов, Б. Ермұқановтарды жатқызуға болады [8, 15]. Ғалымдар Ресейдің отарлау саясаты, территориялық тұтастықты қалыптастыруда орталықтың жүргізген саясаты, оған ішкі және сыртқы факторлардың әсері, халықтың қоныс аударуы мен олардың көлемі жөнінде зерттеулер жүргізіп, шекара тарихына тікелей және жанама қатысы бар мәселелерді қарастырады. З. Шарафутдиновтың «Қазақ жерін нақтылау жұмыстары» деген зерттеуінде патшалық Ресей уақытындағы қазақтардан алған жерлердің қайтып алынуы, жердің мөлшері жайлы, Қазақ АКСР-ның ережелері мен декреттері, жер-су реформасы жайлы көп мәлімет береді [10]. Жер-су реформасы нәтижесінде қазақ жері барынша айқындалып, орыс поселкілері мен хуторлары тартып алынып, олардың орнына шаруа қожалықтары құрылады.

Сонымен қатар Қазақстанға қандай жердің тиесілі жөнінде А.И. Солженицын қалам тартты. Өзінің «Как нам обустроить Россию» деген еңбегінде реформатор-жазушы: «Парасатсыз коммунистер» жарылқаған бұл халық олар қалай болса солай бөліп берген территорияны алған: көшпенділер табыны жылына бір рет жүріп өткен жердің бәрі Қазақстан. Қазақстан оңтүстік Сібірден, оңтүстік Орал өңірінен және сол кезден бері орыстар, тұтқындалғандар, қоныс аударылған халықтар түлеткен және құрылыс көтерген орталық елсіз далалардан тұрады. Бөлінсе, тәңір алдынан жарылқасын. Бірақ республиканың оңтүстік жіңішке орамын ғана қамтысын. Бәрі де: «Жайшылықта бәрі дос, басыңа іс түскенде бірі жоқ» деген мақалдағыдай [16]. Оған жауабын Манаш Қозыбаев өз «Тарих зердесі» еңбегінде «Егеменді мемлекет ретіндегі Қазақ ССР-нің территориялық тұтастығы тұғырнамасының теориялық-методологиялық аспектілері» атты ма-

қаласында береді [12]. Ғалым территориялық тұтастық мәселесін тарихилық принцип негізінде шешуді көздеген.

Қазақстан мен Орталық Азия республикаларында жүргізілген ұлттық-территориялық межелеу тақырыбына байланысты кеңес дәуірінде біраз еңбектер жарық көрді. Олар зерттеу жұмысында межелеуге берілген бағасына сай екі топқа бөлініп қарастырылды. Бірінші топқа межелеу шараларының түріктестес халықтарының басын біріктіруге қарсы бағытталғанын дәлелдеп, коммунистік партия мен Кеңес үкіметінің шовинистік саясатының көрінісі ретінде бағалаған еңбектерді жатқызуға болады. Бұл жерде, мәселен Т. Рысқұлов, Г. Сафаров, Ф. Ходжаев, М. Шоқай еңбектерін атап өту қажет [17, 21].

Өз еңбегінде Т. Рысқұлов түрік бірлігі идеясының қалыптасуының алғы шарты ретінде ХХ ғасырдың басында Қазақстан мен Орталық Азия және басқадай түрік тектес халықтар мекендеген мемлекетте өрістеген ұлт-азаттық қозғалыстар, әр түрлі партиялар мен ұлт мүддесі үшін күрескен қайраткерлердің Кеңес Одағының Коммунистік партиясы мен Кеңес үкіметінің жүргізе бастаған шовинистік саясатына қарсы, түрік тектес халықтардың басын біріктіру үшін жүргізген күресіне талдау жасады [17].

Межелеу саясатының мәнін жете түсінген қайраткерлер қатарына М. Шоқайды атауға болады. Ол: «Түркістанды бұлайша бірнеше дербес мемлекеттік құрылымға жасанды түрде және күштеп бөлшектеу Кеңес үкіметіне біріншіден, Кеңес туы астында болса да түркістандық түркілердің өздерінің ұлттық-саяси біртұтастығын нығайтуға ұмтылысына қарсы күресу үшін, екіншіден большевиктік, яки сталиндік анықтама бойынша «аты жөнінен ғана ұлттық, ішкі мазмұны бойынша интернационалдық және социалистік ұлт саясатын» табысты енгізу үшін керек болды, іс жүзінде большевиктер өздерінің Түркістандағы ұлт саясатына ескі орыс отаршыл империализмі саясаты мақсатын, дәлелдеп айтқанда орыс билігін құруды көздеді» деп, оның астарын әшкерелеп берді [21]. М. Шоқай біртұтас Түркістан идеясын жүзеге асыру үшін Ресей думасының мәжілістерінде Түркістан автономиясын құру, сол арқылы түрік халықтарының азаттыққа қол жеткізуін қамтамасыз ету, уақытша үкіметтің жанынан Түркістан істері жөніндегі Комиссариат құру, Түркістандағы орыс әскерлерін татар-башқұрт әскерлерімен алмастыру, болашақты өз армиясын құру идеясын көтереді.

Екінші топқа межелеудің нәтижесінде әрбір ұлт өз теңдігін алып тәуелсіз мемлекет құрды, артта қалған жүздік халықтар Кеңес Одағының құрамындағы дамыған елдер қатарына қосылуына жол ашылды, межелеу саясаты коммунистік партияның интернационалдық ұлт саясатының нәтижесі деп, оны марксистік-лениндік идеология, партиялық, таптық принциптер негізінде бағалаған еңбектерді жатқызуға болады. Олардың қатарындағы 20-30 жылдары аталмыш тақырыпқа қалам тартқан А.А. Гордиенко, М. Немченко, К.Е. Житов, В.Я. Непомнин және т.б ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалынды [22-24].

Орталық Азияда жүргізілген ұлттық-территориялық межелеудің нәтижесіне алғашқы ғылыми пікірлер ХХ ғасырдың 20-шы жылдарының орта тұсынан бастау алады. Орыс шығыстанушысы В.В. Бартольдтың Орталық Азиядағы ұлттық-территориялық межелеудің нәтижесі бойынша жасалған тәуелсіз сараптамасы зерттеуімізде қарастырып отырған мәселені тереңірек түсінуге мүмкіндік әпереді. Ғалым бұл еңбегінде Орталық Азияны ұлттық принцип бойынша саяси-әкімшілік бөлігін бөлшектеуге қарсылық білдіре отырып, тарих ғылымын идеологияландыруды қатал сынға алады [25].

Қазақстан мен Орталық Азия республикаларында жүргізілген ұлттық территориялық межелеу саясатына қатысты алғашқы арнайы ғылыми зерттеу белгілі тарихшы, академик А. Нүсіпбековтің еңбегі. Автор өз «Объединение казахских земель в Казахской советской социалистической республике» атты зерттеуінде 1922 жылдан бастап әр республика өкілдерінен тұратын комиссиялардың жұмысын, 1924 жылғы ұлттық межелеу барысын, жаңадан қандай республикалардың құрылғандығын және межелеудің

нәтижесінде Қазақ АКСР-інің құрамына қандай жерлер қосылғандығын мүмкіндігінше объективті түрде көрсетуге тырысқан [26].

1950-1980 жылдары Орталық Азияда 1920 жылдардың бірінші жартысында жүргізілген ұлттық-территориялық межелеу мен Қазақ АКСР-нің құрылуы және онда кеңестік биліктің орнауына өздерінің арнайы ғылыми-зерттеулерін арнаған қазақстандық ғалымдар тобына С. Байшевті, Н. Киікбаевті, М. Сапарғалиевті, С. Зимановты жатқызамыз [27-30]. Бұл еңбектер тоталитарлық жүйе тұсында кеңестік идеологияға негізделіп жазылғандықтан, территориялық тұтастық, мемлекеттің шекарасы сияқты мәселелер толық ашылмаған.

Орталық Азиядағы ұлттық-территориялық межелеудің тарихына қалам тартқан Б. Қалшабаева Қазақстан мен Қырғызстанның шекарасы қалай бөлінгендігі туралы жазды [31]. «Қазақстан мен Қырғызстан шекарасы қалай бөлінді?» атты мақаласында Б. Қалшабаева Өзбекстан және Қырғызстан Орталық Мемлекет мұрағаттарының материалдарын кеңінен пайдаланып 1920 жж. Орталық Азияда болған ұлттық-территориялық межелеу мәселелерін ашып көрсетеді. Мақаланың басында автор автономиялық облыстар қандай облыстардан және уездерден құрылғанын көрсетіп, халықтың ұлттық құрамына талдау жасаған. Зерттеуші мұрағат материалдарына негізделіп шекаралас территорияларды сипаттап, оларды межелендіру принципін көрсеткен. Қалшабаева Б. Қазақстан мен Қырғызстан өкілдерінің межелеуге байланысты ұстанған позицияларына ерекше көңіл бөлген.

XIX ғ. 2 жартысынан бастап Қытаймен шекара мәселесі туралы А.А. Бақтыбаеваның ғылыми-зерттеу еңбегінде жан-жақты қарастырылған. «Вопросы формирования Казахстанско-китайской границы (2 пол. XIX в.)» [32] деген еңбегінде Ресей-Қытай шекарасының қалыптасуына тоқталып, екі мемлекет шекараға байланысты қол қойылған келісімдеріне талдау жасалған. Қазақстанның Ресей құрамына толығымен қосылғаннан кейін шекара мәселесі Ресей және Цин империялардың прерогативасына айналды. Цин империясы қазақтардың Жетісу жағалауында орыс пен қоқан бекіністерін салуына қарсылығын жақтады. Бірақ «опиумдық соғыстармен» және мұсылмандардың көтерілістерімен әлсіреген мемлекет, Шыңжаңды жоғалтпақ болды. Сонымен қатар еңбекте Қазақстан шығысындағы талас тудырған Шоған-Оба және Сарышілде учаскілерінің тарихы ашылып, Ресей мен Цин империялардың ұстанған саясаттарына қатысты құнды материалдар мен тың талдауларды кездестіре аламыз.

Ресей-Қытай шекарасының XIX ғ. 50-ші жылдарынан бастап – 1917 жылға дейінгі тарихына қатысты мәселелер ресейлік ғалым В. Дацышеннің ғылыми-зерттеу еңбегінде кешенді түрде жан-жақты зерттелген. Еңбекте Ресей Қытай шекарасының қазақстандық бөлігіне кеңінен тоқталып, шекарадағы таласты учаскелермен қатар, аймақтағы саяси ахуалға талдау жасалған [33].

Кеңес-қытай шекарасындағы даулы территорияларға қатысты мәселені арнайы зерттеген кеңестік авторларына тоқталған кезде В. Бутурлиновтың, Г. Васильевтың, А. Прохоровтың зерттеу еңбектерін атауға болады [34-36]. Аталған зерттеулерде жалпы кеңес-қытай қатынастары барысындағы екі арада болған шекара даулары қарастырылған. Соның ішінде В.Ф. Бутурлинов, Г.К. Плотников, В.В. Чубаровтың «О советско-китайской границе» [34] деген еңбегінде қиыр шығыстық топырақтардың орыс адамдарымен игерілуі, XVII–XX ғғ. орыс-қытай шекараның қалыптасуы және жаңа уақыттағы Қытаймен КСРО арасындағы қарым – қатынастары туралы айтылады. Сондай-ақ Пекиндік бұрмалаушылардың қиыр шығыстық жерлерге қытай талаптанулардың талпынысы әшкереленді. Еңбек жаппай оқырмандарға арналған.

«Территориальные притязания Пекина: современность, история» [35] жинағында кеңес қытайтанушылар-ғалымдардың, журналистердің мақалалары, шетел баспасөздердің материалдары басылған. Мақалаларда Пекиннің көрші елдеріне негізсіз территориялық дәмелері, пекиндік пропаганданың фальсификациясы әшкереленді, сондай-ақ

агрессивті жолды, қарулы шекаралық арандатуларды, көрші мемлекеттердің бір-біріне айдап салулары таңдаған қытай басшыларының сыртқы саяси ұстанымдарының мәні ашылған. Кейбір материалдар қысқартылып басылған. Бірақ, бұл зерттеу жұмыстарының басым көпшілігінің кеңестік кезеңде жазылғандықтан, көтерілген мәселелерге қатысты КСРО саясаты бір жақты көрсетілген.

Прохоров А. «К вопросу о советско-китайской границе» [36] атты зерттеуінде кеңес-қытай мемлекеттік шекарасының қалыптасу тарихы баяндалып, шекараға байланысты келісімдерге құқықтық талдау беріліп, маосистердің КСРО территориясына негізсіз дәмелерін әшкереледі.

А. Мусаловтың «Даманский и Жаланашколь. Советско-китайский вооруженный конфликт 1969 года» атты еңбегінде даулы учаскелер тарихы мен 1969 жылғы Жаланаш көлдегі және Даманск аралындағы болған оқиғалар сипатталып, өзінше талдаулар жасалған [37].

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, көрші мемлекеттермен мемлекеттік шекараны анықтау, аймақтағы геосаяси жағдай, қауіпсіздік, халықаралық қатынас пен ынтымақтастық мәселелеріне Елбасы Н. Назарбаевтың, Қ. Тоқаевтың, Е. Ыдырысовтың еңбектерінде объективті баға берілген [38-40]. Егемендікке ие болған жылдар ішінде Қазақстан Елбасының сауатты саясатының арқасында халықаралық нормаларға сәйкес, Қазақстан шекарасын айқындау, оны көршілер тарапынан мойындату және нығайту бағытында орасан зор міндеттерді жүзеге асырды. Солтүстіктегі стратегиялық көршіміз – Ресеймен шекара сызығы бекітіліп, қос ел арасындағы әлемдегі ең ұзын шекара шектері заңды құжаттармен бекітілді. Кеңес Одағы тұсынан бері дау-дамай тудырып, нақты шегі белгіленбей келген Қазақстан – Қытай шекарасы айқындалып, беделді сарапшылар тарапынан Қазақстан үшін өте нәтижелі келісім деп бағаланды. Бұл ел тарихындағы тарихи оқиғаның маңызы мен мәніне егемен елдің тұтқасын ұстайтын болашақ ұрпақ әлі өз бағасын берері анық.

Әдебиеттер тізімі

1. Менделеев Д.И. Заветные мысли. М., 1995. 204 б.
2. Сейдін Н. Шекараның бекемдігі – ел қауіпсіздігінің кепілі. // Егемен Қазақстан. – 2006-07-06. – 12-13 бб.
3. Аламанов С.К. Чтобы вопрос не кровотожил: государственная граница – живой организм // Слово Кыргызстана. – 1999. – 20 апреля. 8-9 бб.
4. Шонанұлы Т. Жер тағдыры – ел тағдыры. – Алматы: Санат, 1995. – 224 бб.
5. Мальшева М.П. Национально-территориальное размежевание Сибири и Казахстана (1919-1922 жж.). – Семей, 1999. 266 б.
6. Аманжолов К.Р. Түркі халықтарының тарихы. 3-кітап. (XVIII ғ. екінші жартысынан XX ғ. бірінші ширегіне дейін). – Алматы: Білім, 2005. – 252-277 бб.
7. Мұқатаева З. Семейдің әкімшілік-аумақтық құрылымы (1919-1939 жж.) // Қазақ тарихы. – 2002. – №2. 50-53 бб.
8. Мұқанов М.С. Қазақ жерінің тарихы. – Алматы: Атамұра, 1994. – 80 б.
9. Аманжолова Д. А. Казахский автономизм и Россия. История движения Алаш. – Москва: АИРО-XX, 1994. – 94-216 бб.
10. Шарафутдинов З. Қазақ жерін нақтылау жұмыстары. // Қазақ тарихы. – 2001. – №4. – 45-48 бб.
11. Шарафутдинов З. Қазақ жері қалай қайтарылды? // Қазақ тарихы. – 2003. – №1. – 43-45 бб.
12. Қозыбаев М.Қ. Тарих зердесі. – Алматы: Ғылым, 1998. – 180-192 бб.
13. Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. – Алматы: Санат, 1997. – 320 б.
14. Тәгімов М.Б. Қазақ әлемі (Қазақтың саны қанша? Қазақ қашан, қайдан қуылған, қырылған және атылған?). Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1993. 160 б.
15. Ирмуханов Б.Б. Казахстан: историко-публицистический взгляд. Алматы: Өлке, 1996. 232 б.

16. Солженицын А.И. Как нам обустроить Россию (Посильные соображения). // Брошюра к газете «Комсомольская правда» от 18 сентября 1990 г.
17. Рыскулов Т. Новый Туркестан. – Ташкент: Туркгосиздат, 1923. – 134 б.
18. Сафаров Г. Колониальная революция. Опыт Туркестана. – М.: Госиздат, 1921. – 147 б.
19. Ходжаев Ф. К истории революции в Бухаре и национального размежевания Средней Азии. – Ташкент, 1926. – 77 б.
20. Шокай М. Түркістанның қилы тағдыры. А.: Жалын, 1992. – 184 б.
21. Шокай М. Туркестан под властью Советов. А.: Айқап, 1993. – 160 б.
22. Гордиенко А.А. Создание Советской национальной государственности в Средней Азии. – М.: Госюриздат, 1961 – 248 б.
23. Немченко М. Национальное размежевание Средней Азии. – М., 1925. – 28 б.
24. Житов К.Е., Непомнин В.Я. От колониального рабства к социализму. – Ташкент, 1939. – 124 б.
25. Бартольд В.В. О национальном размежевании в средней Азии.// Восток. – 1991. – №5. 123-131 бб.
26. Нусупбеков А.Н. Объединение казахских земель в Казахской советской социалистической республике. – Алма-Ата: АН КазССР, 1953. – 98 б.
27. Бәйішев Ж. Қазақстан мемлекеттілік кезеңдері. Конституциялық актілер. – Алматы: Жеті Жарғы, 1997. 238-246 бб.
28. Кийкбаев Н.К. Торжество Ленинской национальной политики в Казахстане. – А.: Наука, 1968. – 289 б.
29. Сапарғалиев М.С. Возникновение казахской советской государственности 1917-1920 гг. – А.: Наука, 1951. – 263 б.
30. Зиманов С., Даулетова С., Исмагулов А. Казахский революционный комитет. – Алматы: Наука, 1981. – 194 б.
31. Қалшабаева Б. Қазақстан мен Қырғызстан шекарасы қалай бөлінді? // Қазақ тарихы. – 2003. – №3. – 43-48 бб.
32. Бактыбаева А.А. Вопросы формирования Казахстанско-китайской границы (2 пол. XIX в.) // Вестник КазНУ. Серия историческая. – 2003. №3. – 161-165 бб.
33. Дацышен В.Г. Очерки истории Российско-Китайской границы во второй половине XIX – начале XX веков. – Кызыл, 2001. – 155 б.
34. Бутурлинов В.Ф., Плотников Г.К., Чубаров В.В. О советско-китайской границе. – Москва: Международные отношения, 1982. – 80 б.
35. Васильев Г. Территориальные притязания Пекина: современность, история. – Москва: Международные отношения, 1979. – 255 б.
36. Прохоров А. К вопросу о советско-китайской границе. – Москва: Международные отношения, 1975. – 288 б.
37. Мусалов А. Даманский и Жаланашколь. Советско-китайский вооруженный конфликт 1969 года. – М.: Экспринт, 2005.
38. Назарбаев Н. Ғасырлар тоғысында. – Алматы: Өнер, 1996. – 272 б.
39. Тоқаев Қ.Қ. Правда о государственной границе Республики Казахстан (2 изд.). – Алматы: Жибек жолы, 2007. – 228 б.
40. Идрисов Е. Устойчивые границы – залог стабильности государства //Казахстанская правда, 23 февраля, 2000.